

# «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

**Эмитенттің толық атауы:** *«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы*

**Эмитенттің қысқартылған атауы:** «ҚТЖ» ҰК» АҚ

«Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама бойынша мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыс екенін және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашуды қамтамасыз етеді.»

**Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл**



## 1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

### 1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркелген күні;

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі— «Эмитент») бастапқы мемлекеттік тіркелген күні - 2002 жылғы 15 мамыр.

2) эмитенттің мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда);

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі— «Эмитент») соңғы мемлекеттік қайта тіркелген күні – 2004 жылғы 2 сәуір.

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
<b>Мемлекеттік тілде</b>	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлық қоғамы	«ҚТЖ» ҰК» АҚ
<b>Орыс тілінде</b>	Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»	АО «НК «ҚТЖ»
<b>Ағылшын тілінде</b>	Joint Stock Company «National Company «Kazakhstan Temir Zholy»	JSC «NC «KTZ»

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі;

	Толық атауы	Қысқартылған атауы	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік қайта тіркелген күні
<b>Мемлекеттік тілде</b>	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы	«ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ	2002 ж. 15 мамыр
<b>Орыс тілінде</b>	Закрытое акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»	ЗАО «НК «ҚТЖ»	
<b>Ағылшын тілінде</b>	Closed Joint Stock Company «National Company «Kazakhstan Temir Zholy»	CJSC «NC «KTZ»	
<b>Мемлекеттік тілде</b>	«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны»	«Қазақстан темір жолы» РМК	1997 ж. 12 ақпан
<b>Орыс тілінде</b>	Республиканское государственное предприятие «Казакстан темір жолы»	РГП «ҚТЖ»	



<b>Ағылшын тілінде</b>	Republican State Enterprise «Kazakhstan Temir Zholy»	-	
------------------------	--	---	--

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі:

- «Алматы темір жолы басқармасы», «Тың темір жолы басқармасы», «Батыс Қазақстан темір жолы басқармасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастыру (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы № 129 Қаулысы);
- «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қосу жолымен мемлекетке тиесілі акцияларының 100% пакетімен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 қаулысы).

б) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген (қайта тіркелген) күні, орналасқан жері және пошталық мекенжайлары көрсетіледі:

<b>Атауы</b>	<b>Тіркелген күні</b>	<b>Заңды және нақты мекенжайы</b>
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Магистральдық желі дирекциясы»	23.11.2004 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы»	17.03.2017 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Әкімшілік басқару»	19.09.2013 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы»	21.02.2006 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы»	05.10.2016 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй
«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» Филиал «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Бизнесті	30.12.2016 ж.	010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, Индустриялық парк, 184 к-сі, 9/1 құрылыс



трансформациялау орталығы»		
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Балтық және Батыс Еуропа елдеріндегі өкілдігі (Рига қ.)	14.08.2012 ж.	LV -1014, Латвия Республикасы, Рига қаласы, В. Олава көшесі, 7
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық Азия аймағындағы өкілдігі (Ташкент қ.)	27.01.2000 ж.	100060, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, Т. Шевченко көшесі 7
«ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы өкілдігі (Үрімші қ.)	05.09.1993 ж.	830011, Қытай Халық Республикасы, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы, Үрімші қаласы, Бэйцзиннаньлу көшесіу, 771
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Түрікменстандағы өкілдігі (Ашхабад қ.)	25.06.2011 ж.	744007, Түрікменстан, Ашхабад қаласы, Ұлы Сапармұрат Түркменбашы даңғылы, 7

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

БСН 020540003431.

8) ISO17442 «Financial services-Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):

LEI 213800X9NVS4IWFKLS77.

**2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасына сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электронды поштаның мекенжайы, сондай-ақ эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда эмитенттің нақты мекенжайы.**

Заңды және нақты мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6 Телефон: +7(7172) 60 47 77 E-mail: kense@railways.kz Корпоративтік сайт: <a href="http://www.railways.kz/">http://www.railways.kz/</a>
----------------------------	---

**2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларға ақы төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер**

**3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

1	Облигациялардың түрі	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі – «облигациялар»)
2	Бір облигацияның номиналды құны (бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	1 000 (мың) теңге



3	Облигациялардың саны	150 000 000 (жүз елу миллион дана)
4	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	150 000 000 000 (жүз елу миллиард) теңге
5	Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	<p>Облигациялардың номиналды құнының валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) болып табылады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақыны және борыштың негізгі сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу осындай облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті-облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүзеге асырылатын күні және сәтінде эмитентке қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары және Еуро) облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті - облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>

#### 4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі.

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді.

#### 5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1	Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және егер бар болса, қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе	<p>Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде өзгермелі болып табылады. Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі <b>TONIA Compounded</b> көрсеткіші мен тіркелген маржа сомасынан құралады.</p> <p>TONIA Compounded келесідей есептеледі:</p>
---	---	---



	<p>алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі</p>	<p><math>(TONIA Index_{end}/TONIA Index_{start} - 1) \times (365/d_c)</math> мұнда: «<b>d<sub>c</sub></b>» есептік кезеңдегі <math>TONIA Index_{Start}</math> (қоса алғанда) және <math>TONIA Index_{End}</math> үшін индекстерді анықтау күндері арасындағы нақты күнтізбелік күндер санын білдіреді; «<b>Сыйақы есептеу кезеңі</b>» сыйақы төлеудің алдыңғы күнін қоса алғанда, жартыжылдық кезеңді (немесе, егер сыйақы төлеудің алдыңғы күні болмаса, облигациялар айналысының басталу күнін) сыйақы төлеудің келесі күніне дейін (немесе сыйақы есептеудің соңғы кезеңі жағдайында өтеу күнін) білдіреді. «<b>TONIA Index</b>» кез келген күнтізбелік күнге қатысты Қазақстан қор биржасы («KASE») KASE ресми сайтының тиісті бетінде тиісті күні сағат 20:00-ден (Нұр-сұлтан уақыты) кешіктірмей TONIA анықтамалық мөлшерлемесінің әкімшісі ретінде жариялайтын «TONIA Compounded Index (TCI)» мәнін білдіреді; «<b>TONIA Index<sub>End</sub></b>» он төрт күнтізбелік күн ішінде (i) тиісті купондық кезеңге жататын сыйақыны төлеу күнінің алдындағы күні немесе (ii) облигацияларды өтеу күніне соңғы купондық кезең жағдайында («индексті анықтау күні») <math>TONIA Index</math> мәнін білдіреді; «<b>TONIA Index<sub>Start</sub></b>» <math>TONIA Index</math> мәні сыйақы есептеу кезеңінің бірінші күнінен он төрт күнтізбелік күн бұрын болатын күнді білдіреді («Индексті анықтау күні»). Тіркелген маржаның мөлшері облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықтың қорытындылары бойынша айқындалатын болады, бірақ 3% аспайды. Облигациялар бойынша қосымша сыйақы төлеу қарастырылмаған. Ағымдағы купондық кезеңге арналған купондық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпаратты Эмитент сыйақы төленетін тиісті күннің алдындағы күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей «Қазақстан қор биржасы» АҚ арқылы облигациялар ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p>
2	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай өткен соң жылына екі рет жүргізілетін болады. Сыйақы төлеу күні келесі купондық кезеңнің бірінші күнін немесе соңғы купондық кезең</p>



		<p>жағдайында облигациялар айналысының соңғы күнін білдіреді.</p> <p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында облигацияларды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан уақыты мен орны бойынша) (бұдан әрі - тіркеу күні)</p>
3	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының бүкіл кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.
4	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	<p>Сыйақы төлеу тізілім тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жері және уақыты бойынша) облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басында тіркеледі.</p> <p>Төлем күнгі сыйақы купондық сыйақының номиналды құнының және жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі (мөлшерлеменің мәні математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша дөңгелектене отырып, үтірден кейін үш белгіге дейінгі дәлдікпен есептеледі).</p> <p>Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақыны және борыштың негізгі сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу осындай облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі Банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті-</p>



		<p>облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүзеге асырылатын күні және кезінде эмитентке қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары және Еуро) облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті - облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
5	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күннің уақытша базасы және айдағы нақты күндер саны (actual) есебінен жүргізілетін болады.</p> <p>Есеп айырысу агенті: есеп айырысу агенті ретінде «SkyBridge Invest» акционерлік қоғамының қаржы кеңесшісі әрекет ететін болады.</p> <p>Есеп айырысу агенті проспектімен белгіленген шарттарға сәйкес облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін есептейтін болады.</p>

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:**

- 1) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша талаптарының сипаттамасы, ақша түсуінің шарттары мен болжамды мерзімдері;
- 2) облигация ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына олардың өкілеттіктерін енгізу туралы ақпарат беру тәртібі;
- 3) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді инвестициялық басқаруды жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізбесі бекітілсін.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі:**

- 1) оригиналатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының, талап етудің берілген құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;
- 2) секьюритилендіру мәмілесінде оригиналатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;





3) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша құқық талап етудің сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) бөлінген активтерге уақытша еркін түсімдерді инвестициялау және инвестициялау тәртібі;

5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар қамтылуға тиіс;

6) секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың оригинаторлармен секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;

7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;

8) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;

9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар нарығы туралы [заңның 15](#) және [18-4](#) баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары**

#### **8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

1	Облигацияларды орналастыруды бастау күні	Облигацияларды орналастыруды бастау күні облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.
2	Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні	Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.
3	Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланады.

#### **9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:**

1	Облигациялар айналысының басталу күні	Облигациялар айналысының басталу күні биржа ережелеріне сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады.  Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында ( <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> ). және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында <a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a> жарияланады.
2	Облигациялар айналысының аяқталу күні	Облигациялардың айналысы аяқталған күн облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.
3	Облигациялардың айналыс мерзімі	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жыл



4	Облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналысқа шығару жоспарланады.
---	---	--

### 10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1	Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.
2	Облигацияларды өтеу тәсілі	<p>Негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Облигациялардың айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигациялардың айналысының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (уақыт бойынша және облигациялармен) облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың теңгедегі номиналды құны бойынша өтеледі бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жері көрсетілген).</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдер теңгеде, мұндай облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шот болған кезде жүргізілетін болады. Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары және Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүзеге асырылатын күні және сәтінде эмитентке қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі белгілеген коммерциялық бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастау облигацияларды ұстаушының - Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды</p>



		<p>ұстаушыларда банктік деректемелердің болуы міндетті болып табылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті - облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
3	<p>Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі</p>	<p>Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейді.</p>

**11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда**

1	<p>Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары</p>	<p>Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген.</p> <p><b>Эмитенттің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алу:</b> Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда өз облигацияларын олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алуға құқылы.</p> <p>Облигацияларды сатып алу бағасын Эмитент былай белгілейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мәміле жасалған күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та қалыптасқан нарықтық құнды негізге ала отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасалған кезде;</li> <li>• мәміле тараптарының келісімімен белгіленетін баға бойынша - ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасау кезінде.</li> </ul> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта өткізе алады.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды сатып алатын ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.</p>
---	--	---



		Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі қағидаларына сәйкес ашады.
2	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері	<p>Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сатып алуды жүргізеді.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі облигация ұстаушылардың назарына оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.railways.kz/">www.railways.kz/</a>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) хабарлама орналастыру арқылы жеткізілетін болады.</p>

#### 4-тарау. Ковенанттар (шектеулер) бар болса

#### 12. Егер бағалы қағаздар нарығы туралы заңда қарастырылмаған қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1	Эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар нарығы туралы көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы	<p>Биржаның Листинг комиссиясының айналысы ұйымдастырылған нарықта жоспарланатын облигациялар шығарылымының проспектісіне құқықтар мен мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді (ковенанттарды) енгізу жөніндегі ұсынымдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу.</li> <li>• Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу</li> </ul>
2	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-қимыл тәртібі	<p>Осы проспектіде көзделген шектеулерді (ковенантты) бұзған жағдайда Эмитент бұзушылық туындаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты Қор биржасының ресми сайтында (бұдан әрі - Қор биржасы) (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) ДФО интернет-ресурсында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) ақпаратты орналастыру арқылы облигация ұстаушыларына бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-</p>



		<p>тегжейлі сипаттай отырып хабарлайды.</p> <p>Облигация ұстаушылардан сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Қор биржасының ресми сайтында (бұдан әрі - Қор биржасы) (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) ДФО интернет-ресурсында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды облигацияларды ұстаушыдан оларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады. Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады. Облигацияларды ұстаушылардың эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы қарастырылмаған.</p>
3	Ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі	<p>Облигацияларды ұстаушылар проспектінің 4-тарауының 12-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.</p> <p>Облигацияларды ұстаушының осы тармақта көзделген облигацияларды сатып алу үшін негіздердің басталу фактісі туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің атына жазбаша өтініш жіберуге құқығы бар.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш беруге тиіс:</p> <p>Заңды тұлға үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• облигация ұстаушының атауы;</li> <li>• бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, Берілген күні және берген органы;</li> <li>• заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>• телефондар;</li> <li>• банк деректемелері;</li> <li>• сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;</li> </ul> <p>Жеке тұлғалар үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты;</li> <li>• жеке сәйкестендіру нөмірі;</li> <li>• құжаттың нөмірі, күні және берген орган,</li> <li>• жеке басын куәландыратын құжат;</li> <li>• тұрғылықты жері;</li> <li>• телефондар;</li> <li>• банк деректемелері;</li> <li>• сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі.</li> </ul> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;</li> <li>• облигациялардың әділ нарықтық бағасы.</li> </ul> <p>Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.</p>
--	---

## 5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімдері және тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

### 13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, ал айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Банктер туралы Заң) 61-10-бабында көзделген тәртіп негізінде уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау шарттарын көрсетеді.

Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталатын болып табылмайды.



**6 тарау. Осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитентінің мүлкі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)**

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

- 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі болуға тиіс.

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсетілген деректері.**

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде-концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.**

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**7 тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты**

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

*Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.*

Облигацияларды орналастырудан алынған қаражат Эмитенттің ағымдағы міндеттемелерін қайта қаржыландыруға бағытталатын болады.

- «Самұрық – Қазына» АҚ 30 млрд. теңгеге қысқа мерзімді кредиттік желісі;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 30 млрд. теңгеге кредиттік желісі;
- «ForteBank» АҚ 60 млрд. теңгеге кредиттік желісі;
- «Ситибанк Қазақстан» АҚ 70 млн. АҚШ долларына (30 млрд. теңгеге баламалы) кредиттік желісі.

Бұрын жоғарыда аталған қаражат келесі мақсаттарға жұмсалынды:

- жалпы сомасы 15 млрд. рубльге облигациялар шығарылымын өтеу. Облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты Эмитент 4 162 жүк вагонын, 35 маневрлік, 12 тепловоз сатып алу және көлік-логистикалық орталықтарды қаржыландыру үшін пайдаланды;
- көлік-логистикалық орталықтарды қаржыландыру, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА құру және кешенді дамыту үшін тартылған жалпы сомасы 185 млн. швейцар франкіне еурооблигацияларды өтеу.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында



көзделген тәртіппен облигациялар шығарылымы проспектісіне тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

*«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеудің және (немесе) экология (немесе) саласындағы халықаралық танылған қағидаттар стандарттарына сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі «жасыл» қаржыландыру.*

Облигациялар «жасыл» облигациялар емес, сондықтан бұл тармақ қолданылмайды.

*Әлеуметтік облигациялар (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар) шығарылған жағдайда, әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі, оны қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын болады, сондай-ақ осы облигациялардың орналастырылуынан алынған ақша халықаралық танылған жобаларға сәйкес келетін ақпарат еркіндікке тұрақты даму стандарттары болып табылады.*

Облигациялар әлеуметтік облигациялар емес, сондықтан бұл тармақ қолданылмайды.

*Орнықты даму облигациялары («жасыл» және әлеуметтік жобалар комбинациясын қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар) шығарылған жағдайда, қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын орнықты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі*

Облигациялар тұрақты даму облигациялары болып табылмайды, осыған байланысты бұл тармақ қолданылмайды.

*«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда мыналар қосымша көрсетіледі:*

*қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері;*

*егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктелуіне және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру және (немесе) орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар.*

*Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда (сипаттамалары эмитенттің орнықты даму саласында өзі бұрын айқындаған мақсаттарға жетуіне қарай өзгертін облигациялар):*

*тұрақты даму саласында алдын ала белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер;*

*көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;*

*эмитент өзі белгілеген сипаттамалардың орындалуы туралы ақпаратты жария етуді жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады.*





Облигациялар тұрақты даму облигациялары, «жасыл» және әлеуметтік облигациялар болып табылмайды, сондықтан бұл тармақ қолданылмайды.

*Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі*

Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды, осыған байланысты бұл тармақ қолданылмайды.

**18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Облигациялар талап ету құқықтарымен төленбейді.

**8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер**

**19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:**

<b>Құрылтайшының толық атауы, орналасқан жері</b>	<b>Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы</b>	<b>Эмитенттің құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан астам пайызына ие бола бастаған күні</b>
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е10 көшесі, 17/10 үй	100%	23.02.2006 ж.



9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

Директорлар кеңесі немесе қадағалау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (директорлар Кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып	Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен
<b>Басқару органы - Директорлар кеңесі</b>	
Лавриенко Юрий Иванович – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2015 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «KAZLOGISTICS «Көлік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы» Төралқасы төрағасының орынбасары</li> <li>• 2022 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</li> </ul> <p>Сайланған күні: 27.05.2022 ж.</p>
Сауранбаев Нурлан Ермекович – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2019-2021 жж. - ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі</li> <li>• 2021 жылдың сәуір айынан бастап - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы</li> </ul> <p>Сайланған күні: 07.10.2021 ж.</p>
Байдаулетов Нуржан Талипович - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Қордың портфельдік компанияларының Директорлар кеңестеріндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі</li> </ul> <p>Сайланған күні: 07.10.2021 ж.</p>
Бердигулов Ернат Кудайбергенович - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2019-2021 жж. - Жобалар жетекшісі, Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясы</li> <li>• 2021 ж. сәуір - 2022 ж. ақпан – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, орнықты даму және цифрлық трансформация жөніндегі бірлескен Басқарушы директор</li> <li>• 2022 жылдың ақпан айынан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры</li> </ul> <p>Сайланған күні: 18.02.2022 ж.</p>
Нурбаева Назира Нуртулеуовна - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2014 ж. маусым - 2020 ж. маусым - Директор, Салық және заң қызметтері, PwC</li> <li>• 2020 ж. мамыр - 2021 ж. сәуір - Серіктес, Салық және заң қызметтері, Deloitte</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі</li> </ul> <p>Сайланған күні: 18.02.2022 ж.</p>
<p>Ауганов Гибрат Кайратович - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2017 - 2020 жж. – «Ембімұнайгаз» АҚ Персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары</li> <li>• 2020-2021 жж. – «Қаражанбасмұнай» АҚ Персоналмен жұмыс департаментінің директоры</li> <li>• 2021 ж. қазан - 2022 ж. ақпан – «Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры</li> <li>• 2022 жылғы ақпаннан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі Басқарушы директоры</li> <li>• 2020-2021 жж. - Персоналмен жұмыс департаментінің директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ</li> <li>• 2021 ж. қазан - 2022 ж. ақпан – «Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры</li> <li>• 2022 жылғы ақпаннан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры</li> </ul> <p>Сайланған күні: 18.02.2022 ж.</p>
<p>Вокурка Ульф - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», тәуелсіз директор</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, сонымен қатар «KEGOC» АҚ, «АХҚО Әкімшілігі» АҚ және «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ тәуелсіз директор лауазымын атқарған.</li> </ul> <p>Сайланған күні: 07.10.2021 ж.</p>
<p>Аханзарипов Нурлан Заманбекович - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі», тәуелсіз директор</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұнай-газ секторында 22 жылдан астам басшылық лауазымдарда, оның ішінде 12 жылдан астам Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компанияларында қаржы директоры ретінде жұмыс істеді. Оман Сұлтандығындағы PDO Petroleum Development of Oman (Shell operating company) басқарушы лауазымдарында шетелде жұмыс тәжірибесі бар. 6 жылдан астам еншілес «Альфабанк Қазақстан» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі және аудит комитетінің төрағасы қызметін атқарған.</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазіргі уақытта «АстанаГаз ҚМГ» АҚ және KEGOC Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады.</li> </ul> <p>Сайланған күні: 07.10.2021 ж.</p>
Джон (Йан) МакКей - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	<ul style="list-style-type: none"> <li>2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Otherhand Ltd, құрылтайшы-директор</li> </ul> <p>Сайланған күні: 07.10.2021 ж.</p>

3) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Директорлар кеңесінің мүшелері Эмитенттің дауыс беретін акцияларын иеленбейді.

4) еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Директорлар кеңесінің мүшелері Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарында акцияларды иеленбейді.

**21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:**

Алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктері көрсетілген сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен
<b>Атқару органы – Басқарма</b>	
Сауранбаев Нурлан Ермекович – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>2019-2021 жж. - ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі</li> <li>2021 жылғы сәуірден бастап- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы</li> </ul> <p>Сайланған күні: 08.04.2021 ж.</p> <p>Өкілеттігі: Басқарма қызметіне жалпы басшылық ету</p>
Альмагамбетов Канат Есмұханович – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары	<ul style="list-style-type: none"> <li>2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ «ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары</li> </ul> <p>Сайланған күні: 04.12.2021 ж.</p> <p>Өкілеттіктері: жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру, құзыреттер шеңберінде функцияларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау, оның ішінде Техникалық саясат және реттеу, сондай-ақ</p>



	<p>өндірістік қауіпсіздік және экология, Жолаушылар тасымалы мәселелері бойынша қызметке жетекшілік ету</p>
<p>Ахметжанов Ануар Муратович - Басқарма Төрағасының Стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2019-2020 жж. - Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жауапты хатшысы</li> <li>• ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі</li> <li>• 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ «ҰК»АҚ Басқарма төрағасының трансформациялау және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары</li> </ul> <p>Сайланған күні: 04.12.2021 ж.</p> <p>Өкілеттіктері: Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру, құзыреттер шеңберінде функцияларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау, оның ішінде Стратегия және корпоративтік даму, Автоматтандыру және ақпараттандыру мәселелері бойынша қызметке жетекшілік ету</p>
<p>Кушерев Даир Адильбекович - Қаржы жөніндегі Басқарушы директор</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2018 жылдың желтоқсанынан қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ «ҰК» АҚ қаржы жөніндегі Басқарушы директоры</li> </ul> <p>Сайланған күні: 04.12.2021 ж.</p> <p>Өкілеттіктері: Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру, құзыреттер шеңберінде функцияларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау, оның ішінде қаржылық, бухгалтерлік және салықтық есепке алу мәселелері бойынша қызметке жетекшілік ету</p>
<p>КойшибаевЕрланХамардинович - Логистика жөніндегі Басқарушы директор</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2019-2021 жж. - Қостанай облысы әкімінің орынбасары;</li> <li>• 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ «ҰК» АҚ Басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары</li> </ul> <p>Сайланған күні: 04.12.2021 ж.</p> <p>Өкілеттіктері: Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру, құзыреттер шеңберінде функцияларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау, оның ішінде көлік-логистикалық қызметтер мәселелері бойынша қызметке жетекшілік ету</p>
<p>Нагаспаев Ерсайын Каиргазиевич - Жаңа жобалар жөніндегі Басқарушы директор</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2016-2020 жж. – «Новострой Астана» ЖШС директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары</li> <li>• 2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ ҰК» АҚ Қамтамасыз ету жөніндегі Басқарушы директоры</li> </ul> <p>Сайланған күні: 04.12.2021 ж.</p> <p>Өкілеттіктері: Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру, құзыреттері аясында</p>



	<p>функцияларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау, оның ішінде сатып алуды үйлестіру және мониторингілеу мәселелері бойынша қызметке жетекшілік ету</p>
